

Татулық бақыт кілті

Өнегесі мен берекесі жарасқан Хусаиновтар отбасы



Қуаныш пен Айткүл Хусаиновтар «Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезенінің сегізінші қатысушылары.

Отбасы дегеніміз – ол адамның жылылық пен мейірімге толы киелі бесігі, қасиетті шаңырағы. Біздің Меңдіқара жерінде ғасырлар бойы ұрпақ сабақтастығы жарасымды жалғасын тауып келеді. Ел ішінде құрметке бөленген, ардақты, өнегелі отбасылар баршылық.

Сондай үлгілі, өнегелі отбасылардың бірі, бүгінгі біздің кейіпкерлеріміз Хусаиновтар отбасы.

Шаңырақ иесі Қуаныш Хусаинов пен отанасы Айткүл Хусаинова 1997 жылы шаңырақ көтеріп, өмірдің қызығы мен шыжығын бірге көріп келе жатқандарына 27 жыл.

- Жұбайым Науырзым ауданының тумасы. 1997 жылы сол өңірдің бір думанды кешінде танысып, көп ұзамай шаңырақ көтердік. Бүгінгі таңда 3 баламыз, 1 жиен немереміз бар. «Ерін құрметтеген ел озады» демекші, ер азаматты көкке көтеріп, мойынсұну біздің отбасының басты қағидасы. Азаматын құрметтеу арқылы әйел өзіне деген құрмет сезімін оятады. Айрандай ұйып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, балаларға дұрыс тәлім-тәрбие беру жолында ата-ананың бір-біріне деген сыйластығы мен татулығы үлкен рөл атқарады, - дейді Қуаныш Жауатұлы

Хусаиновтар отбасы Қаратал ауылдық округінің тұрғындары. Отағасы мен отанасы бау-бақша егудің хас шеберлеріне айналған десек артық айтпаған болармыз. Жаз бойы бақшадағы түрлі жемістер мен көкөністерді күтіп, баптап, еңбектің тәтті на-



Қуаныш пен Айткүл Хусаиновтардың шаңырақ көтергендеріне 27 жыл толып отыр

нының дәмін қыста татады екен. Бау-бақшадан бөлек мал шаруашылығында қыр-сырын жетік меңгерген. Айткүл апайымыз мал сүтінен кез келген ақ тағамдарын дайындап, әр мерекеде дастарханды мольнан жайып, жақындарын қуантатын көрінеді.

- Жолдасым екеуіміз шаңырақ көтерген жылдары арамды біраз түсініспеушіліктер мен қиындықтардың болғаны рас. Сондай уақыттарда барлығын ақылмен ой елегіне салып, сабырлық танытқанымыздың арқасында бүгінгі таңда берекелі әрі үлгілі отбасыға айналдық. Әйел адамның мойнына жүктелетін міндеті өте ауыр ғой. Сол себепті, жас келіншектерге айтар ақылым, еріңді көкке көтеріп, сыйлап, құрметтесен өзінде сыйсияпатқа бөленіп, шаңырағыңды қуаныш пен бақытқа айналдырасың. Біз балаларымыздың кішкентай кездерінен демалыс пен атаулы күндерді отбасымызбен атап өтуді бойларына дарыттық. Мерекелік дастархан жайып, бір-бірімізбен әңгіме-дү-

кен құру отбасымыздың дәстүріне айналды, - деп бөлісті Айткүл апай

Отбасының тұңғыш қызы Данагүл тұрмыста. Сафия атты кішкентай ханшайымның анасы. Үлкен ұлы Сапар аудандық білім бөлімінің әдіскері. Қаратал ауылдық округіне қарасты Төлеңгіт негізгі мектебінде ұстаздық қызмет атқарған. Білім саласының дамуына өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі. Сапар қазақша және еркін күрес спортынан аудан, облыс жеңімпазы. Қазіргі таңда бапкерлікпен айналысып, болашақта ел намысын қорғайтын бозбалаларды даярлауда. Артынан ерген бауыры Ернар мектеп оқушысы. Биылғы жылы 8-ші сыныпты аяқтаған ол аға жолын қуған. Қазақша күрестен аудан, облыс келеміндегі жарыстарға қатысып, боз кілемде өз бағын сынап жүрген бала балуан.

Отанасы Айткүл Серікжанқызы ауданымыздағы байқаулардың белсеңді қатысушысы әрі жеңімпазы. 2022 жылы «Юбилейный» мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткен «Супер

әже» байқауының жеңімпазы.

Әрдайым жан-жақты болу бала кезден дарыған қасиет. Түрлі байқауларға шақырту алып, қолымыздан келгенше бой көрсетуге тырысамыз. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, ұлдарымды бала кезден түрлі сайыстарға жетелеп, қатыстырып, бүгінгі таңда жемісін көрудеміз. Біздің отбасының басты талабы үлкеннен үлгі ала отырып, өз болашағының кірпішін қалау, - дейді Айткүл апай

Өнегесі мен берекесі, татулығы мен сыйластығы жарасқан Хусаиновтар отбасы барша отбасыларға үлгі болары анық. Кейіпкерлеріміздің отбасына амандық, дендеріне саулық тілей отыра, алдағы жоба барысына сәттілік тілейміз. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы «Отбасылық құндылықтарды нығайтуға арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» жобасы шеңберінде «Меңдіқара ауданының ішкі саясат бөлімінің» ММ тапсырысы бойынша іске асты.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА